г) D оқиғасына қарама қарсы $\overline{D}$ оқиғасын енгіземіз. $\overline{D}$ оқиғасы – бұл 10 тәуелсіз сыныктарда берілген оқиғасының мүлдем пайда болмауы. Онда $P(D)=1-P(\overline{D})=1-P_{10}(0)\approx 1$;

Төменде Mathcad-тан есептеулермен файлдың көшірмесі келтірілген.

$C(Q,R) := \mathrm{combin}(Q,R)$,

$C(10,2)\cdot 0.8^2\cdot 0.2^8 = 7.373\times 10^{-5}$

$C(10,9)\cdot 0.8^9\cdot 0.2^1 + C(10,10)\cdot 0.8^{10}\cdot 0.2^0 = 0.376$

$$C(10,0)\cdot 0.8^{0}\cdot 0.2^{10} + C(10,1)\cdot 0.8^{1}\cdot 0.2^{9} + C(10,2)\cdot 0.8^{2}\cdot 0.2^{8} = 7.793\times 10^{-5}$$

$$1 - C(10,0)\cdot 0.8^{0}\cdot 0.2^{10} = 1$$

b) n =100, k_1=70, k_2=80 болсын. Тәуелсіз тәжірибелер саны n үлкен болғандықтан, қандай да бір оқиғаның n тәжірибеде k рет пайда болу ықтималдығы $P_n(k)$ Муавр-Лаплас аймақтық теоремасымен есептелінеді және жуық шамамен $P_n(k) \cong \frac{1}{\sqrt{npq}}\varphi(x)$ тең, мұндағы $x = \frac{k-np}{\sqrt{npq}}$, $0 < p < 1$, $\varphi(x) = \frac{1}{\sqrt{2\pi}}\exp(-x^2/2)$ (осы функцияның мәнін кестеден немесе Mathcad жүйесіндегі dnorm функциясы арқылы табады).

B, *C* және *D* оқиғаларының ықтималдығын анықтау үшін Муавр-Лаплас интегралдық теоремасын қолданады: қандай да бір оқиғаның пайда болу k саны k_1-ден k_2-ге дейінгі аралығында болу ықтималдығы $P_n(k_1,k_2)$ жуық шамамен $P_n(k_1,k_2) \approx \Phi(x_2) - \Phi(x_1)$ тең, мұндағы $x_2 = \frac{k_2-np}{\sqrt{npq}}$, $x_1 = \frac{k_1-np}{\sqrt{npq}}$, $\Phi(x) = \frac{1}{\sqrt{2\pi}}\int_0^x \exp(-t^2/2)dt$ - Лаплас функциясы, оның мәні арнайы кестеден немесе Mathcad жүйесіндегі pnorm функциясы арқылы:

а) $P(A)$= $P_{100}(80) \cong \frac{1}{\sqrt{100\cdot 0,8\cdot 0,2}}\varphi(2,5) = 0,018/4 = 0,0045$;

$x = \frac{70-100\cdot 0,8}{\sqrt{100\cdot 0,8\cdot 0,2}}$=-2,5;

б) $P(B)$= $P_{100}(k \le 70) = P_{100}(0,70) \approx \Phi(x_1) - \Phi(x_4) = 0,006$; $x_1 = -2,5$, $x_4 = -20$;

в) $P(C)$= $P_{100}(k \ge 80) = P_{100}(80,100) \approx \Phi(x_3) - \Phi(x_2) = 0,5$; $x_3 = 5$;

д) $P(E)$= $P_{100}(70,80) \approx \Phi(x_2) - \Phi(x_1) = 0,494$, $x_2 = 0$.

Mathcad жүйесіндегі есептелінген есептеулердің көшірме файлы көрсетілген.

$n := 100$, $k1 := 70$, $k2 := 80$,

$p := 0.8$, $q := 1 - p$,

$x1 := \frac{k1 - n\cdot p}{\sqrt{n\cdot p\cdot q}}$, $x2 := \frac{k2 - n\cdot p}{\sqrt{n\cdot p\cdot q}}$, $x3 := \frac{n - n\cdot p}{\sqrt{n\cdot p\cdot q}}$, $x4 := \frac{0 - n\cdot p}{\sqrt{n\cdot p\cdot q}}$,

$x1 = -2.5$, $x2 = 0$, x3=5, x4 = -20

$\text{pnorm}(x2,0,1) - \text{pnorm}(x1,0,1) = 0.494$, $\text{dnorm}(x1,0,1) = 0.018$

$\text{pnorm}(x3,0,1) - \text{pnorm}(x2,0,1) = 0.5$,

$\mathrm{pnorm}(x1,0,1) - \mathrm{pnorm}(x4,0,1) = 6.21 \times 10^{-3}$,

или другой вариант

$\Phi(x) := \mathrm{pnorm}(x,0,1) - 0.5$,

$P(k1,k2) := \Phi(x2) - \Phi(x1)$.

$\Phi(x1) = -0.494$, $\Phi(x2) = 0$,

$P(k1,k2) = 0.494$,

$\Phi(x3) = 0.5$, $\Phi(x4) = -0.5$,

$\Phi(x3) - \Phi(x2) = 0.5$, $\Phi(x1) - \Phi(x4) = 6.21 \times 10^{-3}$.

с) *n*=1000, *n* үлкен шама, *p* кіші шама, ал олардың көбейтіндісі $\lambda = n \cdot p$ - үлкен емес сан болғандықтан, қандай да бір оқиғаның n тәуелсіз сынақта k рет пайда болу ықтималдығын $P_n(k)$ анықтау үшін Бернулли формуласының орнына Пуассон формуласын қолданады:

$$P_n(k) \approx \lambda^k \cdot e^{-\lambda} / k!.$$

Біздің есеп үшін n=1000, k=6, p=0,003, $\lambda = 1000 \cdot 0{,}003 = 3$, олай болса $P_{1000}(6) = 3^6 \cdot e^{-3} / 6!$=0,05.

Есептеулер кезінде $p(k,\lambda) = \lambda^k \cdot e^{-\lambda} / k!$ функциясының кестелік мәнін немесе Mathcad-тан dpois функциясын қолдануға болады. Төменде Mathcad-тан есетеулермен файлдың көшірмесі келтірілген.

$p(k,\lambda) := \mathrm{dpois}(k,\lambda)$,

$p(6,3) = 0.05$.

6. Дискретті кездейсоқ шама X үлестірім заңдылығымен берілген.

X	0	10	20	30	40	50
P	0,05	0,15	0,3	0,25	0,2	0,05

Табу керек:

а) оның үлестірім функциясын $F(x)$, $F(x)$ графигін салу керек;

б) математикалық үмітін, дисперсиясын, орта квадраттық ауытқуын, модасын;

в) X–тің (15;45) интервалына түсу ықтималдығын.

Шешуі:

а) X кездейсоқ шамасының $F(x)$ үлестірім функциясы (интегралдық үлестірім функциясы) X<x оқиғасының ықтималдығын анықтайды. Дискретті кездейсоқ шамасы мына формуласымен есептелінеді:

$$F(x) = P(X < x) = \sum_{x_i < x} p_i = \sum_{x_i < x} P(X = x_i)$$

мұндағы $x_i < x$ үшін қосу барлық i бойынша жүргізіледі.

Сонымен:

1) Егер $x \le 0$, онда $F(x) = P(X < 0) = 0$.

2) Егер $0 < x \le 10$, онда $F(x) = P(X = 0) = 0{,}05$.

3) Егер $10 < x \le 20$, онда $F(x) = P(X = 0) + P(X = 10) = 0{,}05 + 0{,}15 = 0{,}2$.

4) Егер $20 < x \le 30$, онда $F(x) = P(X = 0) + P(X = 10) + P(X = 20) =$ $= 0{,}2 + 0{,}3 = 0{,}5$.

5) Егер $30 < x \le 40$, онда $F(x) = P(X = 0) + P(X = 10) + P(X = 20) + P(X = 30) =$ $= 0{,}5 + 0{,}25 = 0{,}75$.

6) Егер $40 < x \le 50$, онда $F(x) = P(X = 0) + P(X = 10) + P(X = 20) + P(X = 30) +$ $+ P(X = 40) = 0{,}75 + 0{,}2 = 0{,}95$.

7) Егер $x > 50$, онда $F(x) = P(X = 0) + P(X = 10) + P(X = 20) + P(X = 30) +$ $+ P(X = 40) + P(X = 50) = 0{,}95 + 0{,}05 = 1$.

Сондықтан, $F(x) = \begin{cases} 0, \ \textit{егер}\ x \le 0 \\ 0{,}05, \ \textit{егер}\ 0 < x \le 10 \\ 0{,}2, \ \textit{егер}\ 10 < x \le 20 \\ 0{,}5, \ \textit{егер}\ 20 < x \le 30 \\ 0{,}75, \ \textit{егер}\ 30 < x \le 40 \\ 0{,}95, \ \textit{егер}\ 40 < x \le 50 \\ 1, \ \textit{егер}\ x > 50 \end{cases}$;

График Mathcad жүйесінде сызылған (төменде);

б) сандық сипаттамаларын табайық. Дискретті кездейсоқ шама үшін математикалық үміт кездейсоқ шаманың барлық мүмкін мәндерін оның ықтималдықтарына көбейтіп қосқанға тең: $M(X) = \sum_i x_i p_i$. Сондықтан:

$$M(X) = 0 \cdot 0{,}15 + 10 \cdot 0{,}15 + 20 \cdot 0{,}3 + 30 \cdot 0{,}25 + 40 \cdot 0{,}2 + 50 \cdot 0{,}05 = 25{,}5.$$

X кездейсоқ шаманың дисперсиясы $D(X) = M[X - M(X)]^2$ формуласымен немесе $D(X) = M(X^2) - [M(X)]^2$ формуласымен есептелінеді. Дискретті кездейсоқ шама үшін бұл формулалар мына түрде қолданылады:

$$D(X) = \sum_i (x_i - M(X))^2 \cdot p_i \text{ немесе } D(X) = \sum_i x_i^{\,2} p_i - (\sum_i x_i p_i)^2 .$$

Орта квадраттық ауытқу $\sigma(x) = \sqrt{D(x)}$ санына тең; дискретті кездейсоқ шаманың модасы (белгіленуі M_0) – осы кездейсоқ шаманың ең үлкен ықтималдықты қабылдайтын мәні; X –тің (a;b) интервалына түсу ықтималдығы $P(a;b) = F(b) - F(a)$ формуласымен есептелінеді. Біздің есеп үшін бұл шамалар:

$$D(x)=154{,}75;\ \sigma(x) = \sqrt{154{,}75} = 12{,}44;\ \ M_0=20;$$
$$P(15;45) = F(45) - F(15)=0{,}75.$$

Төменде Mathcad-тан есептеулермен файлдың көшірмесі келтірілген, дисперсия екі формуламен де есептелінген.

$$\text{ORIGIN} = 1 \qquad s := (0\ \ 10\ \ 20\ \ 30\ \ 40\ \ 50)_,$$

$$M := s^T \cdot p^T{}_, \qquad p := (0.05\ \ 0.15\ \ 0.3\ \ 0.25\ \ 0.2\ \ 0.05)_,$$

$$M = 25.5\ ,$$

$$s0 := s^T - M_,$$

$$D := \left[\overrightarrow{(s0 \cdot s0)}\right]^T \cdot p^T{}_,$$

$$s0 = \begin{pmatrix} -25.5 \\ -15.5 \\ -5.5 \\ 4.5 \\ 14.5 \\ 24.5 \end{pmatrix},$$

$$D = 154.75\ ,$$

$$s2 := \left(0^2\ \ 10^2\ \ 20^2\ \ 30^2\ \ 40^2\ \ 50^2\right)_,$$

$$D1 := s2^T \cdot p^T - M^2{}_,$$

$$D1 = 154.75\ ,$$

$$\sigma := \sqrt{D} = 12.44\ ,$$

$$F(x) := \begin{vmatrix} 0 \ \text{ if } \ x \le 0 \\ 0.05 \ \text{ if } \ 0 < x \le 10 \\ 0.2 \ \text{ if } \ 10 < x \le 20 \\ 0.5 \ \text{ if } \ 20 < x \le 30 \\ 0.75 \ \text{ if } \ 30 < x \le 40 \\ 0.95 \ \text{ if } \ 40 < x \le 50 \\ 1 \ \text{ if } \ x > 50 \end{vmatrix},$$



$$F(45) - F(15) = 0.75\ .$$

7. Үзіліссіз кездейсоқ шама X үлестірім тығыздығы мен $f(x)=\begin{cases} 0, \; егер \; x \le 0 \\ \frac{2}{9}(3x-x^2), \; егер \;\; 0 < x \le 3 \\ 0, \; егер \;\; x > 3 \end{cases}$ берілген. Табу керек:

а) оның үлестірім функциясын $F(x)$;

б) математикалық үмітін, дисперсиясын, орта квадраттық ауытқуын, модасын, медианасын;

в) X–тің $(a;b)$ интервалына түсу ықтималдығы табу керек.

$F(x)$ және $f(x)$ графиктерін салу керек.

Шешуі:

а) үлестірім функциясын келесі формула бойынша табамыз $F(x)=\int\limits_{-\infty}^{x} f(x)dx$.

Сонымен:

- егер $x \le 0$, онда $f(x)=0$, Сондықтан $F(x)=\int\limits_{-\infty}^{0} 0\,dx = 0$;

- егер $0 < x \le 3$, онда $F(x)=\int\limits_{-\infty}^{0} 0\,dx + \int\limits_{0}^{x} \frac{2}{9}(3x-x^2)dx =$ - $\frac{x^2(2x-9)}{27}$;

- егер $x > 3$, онда $F(x)=\int\limits_{-\infty}^{0} 0\,dx + \int\limits_{0}^{3} \frac{2}{9}(3x-x^2)dx + \int\limits_{3}^{x} 0\,dx = 1.$

Сонымен, ізделінді үлестірім функциясы

$$F(x)=\begin{cases} 0, \; егер \; x \le 0 \\ -\frac{x^2(2x-9)}{27}, \; егер \; 0 < x \le 3 \\ 1, \; егер \; x > 3 \end{cases};$$

б) үзіліссіз кездейсоқ шаманың сандық сипаттамалары мына формулалармен табылады:

- математикалық үміт:

$$M(x)=\int\limits_{-\infty(a)}^{\infty(b)} xf(x)dx;$$

-дисперсия:

$$D(x)=\int\limits_{-\infty(a)}^{\infty(b)} (x-M(x))^2 f(x)dx \qquad \text{немесе} \qquad D(x)=\int\limits_{-\infty(a)}^{\infty(b)} x^2 f(x)dx - \left[M(x)\right]^2$$

(интегралдау шектері кездейсоқ шаманың мүмкін мәндері Ox осінің барлық немесе $(a;b)$ интервалының мәндерін қабылдауына байланысты);

- орта квадраттық ауытқуы:

$$\sigma(x)=\sqrt{D(x)};$$

X кездейсоқ шаманың модасы деп үлестірім тығыздығы максималды болатын M_o мәні айтылады;

X кездейсоқ шаманың медианасы деп кездейсоқ шама M_e-ден кем немесе артық болғанда ықтималдығы бірдей болатын M_e мәні айтылады, яғни $P(X < M_e) = P(X > M_e) = 0{,}5$.

Сонымен, біздің есепте $M(x) = \int_0^3 2/9x(3x - x^2)dx$=1,5;

$D(x) = \int_0^3 x^2 \cdot 2/9(3x - x^2)dx - 1{,}5^2$ = 0,45;

$\sigma(X) = \sqrt{0{,}45}$ = 0,671.

Моданы анықтау үшін $f(x) = 2/9(3x - x^2)$ функциясының [0;3] кесіндісіндегі максимумын табу керек. Ол үшін функцияның туындысын тауып, нөлге теңестіреміз: $f'(x) = 2/3 - 4x/9$, x=3/2 болғанда $f'(x) = 0$, бұл кризистік нүкте. Функцияны экстремумге тексереміз: $f'(1) > 0,\ f'(2) < 0$. Сонымен, x=3/2 нүктесінен ауысқанда функцияның туындысы таңбасын плюстен минуске өзгертті. Олай болса x=3/2 - максимум нүктесі, сондықтан M_o = 3/2.

Айта кетелік, егер $f(x)$ сызықты функция болса, онда оның экстремумдары [*a;b*] кесіндісінің шеткі нүктелерінде орналасқан, ал оның максимумын $f(x)$ графигінен тапқан жеңілірек.

Медиананы келесі шарттан табамыз:

$$P(X < M_e) = 0{,}5,$$

мұндағы $P(X < M_e) = P(-\infty < X < M_e) = P(0 < X < M_e)$.

$P(0 < X < M_e) = \int_0^{M_e} 2/9(3x - x^2)dx$=-${M_e}^2(2M_e - 9)/27$ болғандықтан, ${M_e}^2(2M_e - 9)/27$=0,5 теңдеуін шешіп, үш түбір аламыз, олардың біреуі берілген кесіндіге тиісті: M_e = 1,5;

в) X–тің (1;4) интервалына түсу ықтималдығы:

$$P(1 < X < 4) = P(1 < X < 3) + P(3 < X < 4) = \int_1^3 2/9(3x - x^2)dx + \int_3^4 0dx = 0{,}741$$

немесе

$$P(1 < X < 4) = F(4) - F(1) = 1 - \left(-\frac{1\cdot(2-9)}{27}\right) = \frac{20}{27} = 0{,}74.$$

Төменде Mathcad-тан есептеулермен файлдың көшірмесі келтірілген.

$f(x) := \frac{2}{9}\cdot\left(3\cdot x - x^2\right)$, $\sqrt{\frac{9}{20}} = 0.671$,

$\int_0^3 x\cdot f(x)\,dx \to \frac{3}{2} = 1.5$, $\int_0^3 x^2\cdot f(x)\,dx - \left(\frac{3}{2}\right)^2 \to \frac{9}{20} = 0.45$,

$$\frac{d}{dx}f(x) \to \frac{2}{3} - \frac{4\cdot x}{9}, \qquad f1(x) := \frac{d}{dx}f(x),$$

$$\int_0^y f(x)\,dx \to -\frac{y^2\cdot(2\cdot y-9)}{27}, \qquad f1(x)\ \text{solve} \to \frac{3}{2},$$

$$f1(1) = 0.222, \qquad f1(2) = -0.222,$$

$$-\frac{y^2\cdot(2\cdot y-9)}{27} - 0.5\ \text{solve} \to \begin{pmatrix} 4.0980762113533159403 \\ -1.0980762113533159403 \\ 1.5 \end{pmatrix} = \begin{pmatrix} 4.098 \\ -1.098 \\ 1.5 \end{pmatrix}.$$

$$\int_1^3 f(x)\,dx \to \frac{20}{27} = 0.741, \qquad f2(x) := -\frac{x^2\cdot(2\cdot x-9)}{27},$$

$$f2(1) = 0.259, \qquad 1 - 0.259 = 0.741.$$

$F(x)$ және $f(x)$ функцияларының графиктерін Mathcad жүйесінде саламыз:

$$f(x) := \begin{cases} 0 & \text{if } x \le 0 \\ \left[\frac{2}{9}\cdot\left(3\cdot x - x^2\right)\right] & \text{if } 0 < x \le 3 \\ 0 & \text{if } x > 3 \end{cases}, \qquad F(x) := \begin{cases} 0 & \text{if } x \le 0 \\ \frac{x^2\cdot(9-2\cdot x)}{27} & \text{if } 0 < x \le 3 \\ 1 & \text{if } x > 3 \end{cases},$$





8. Биномдық үлестірім (*a* варианты). Пуассон үлестірімі (*b* варианты).

Өнім N элементтен тұрады. Қандай да бір уақыт аралығында бір элементтің істен шығу ықтималдығы p-ға тең және қалған элементтердің күйіне тәуелсіз. Істен шыққан элементтер санының үлестірім заңын құрастыру керек (X кездейсоқ шамасы). *a* варианты үшін осы кездейсоқ шаманың математикалық үмітін, дисперсиясын және орта квадраттық ауытқуын; *b* варианты үшін көрсетілген уақыт аралығында екіден кем емес элементтердің істен шығу ықтималдығын табу керек.

Шешуі:

а) N=6, p=0,25, X дискретті кездейсоқ шамасы – істен шыққан элементтер саны. Оның мүмкін мәндері: $x_1 = 0$(істен шыққан элемент жоқ), $x_2 = 1$(бір элемент істен шықты) және т.с.с. $x_7 = 6$ (алты элемент істен шықты). Мүмкін мәндер тәуелсіз және олардың әрқайсысының пайда болуықтималдығы бірдей, сондықтан X кездейсоқ шамасы биномдық үлестірім заңымен үлестірілген: $P(X = k) = P_n(k) = C_n^k p^k q^{n-k}$, мұндағы $k = 0,1,2,\ldots,6$, p=0,25, $q = 1 - p$=0,75, $n = 6$.

Олай болса, $P(X = 0) = P_6(0) = C_6^0 0{,}25^0 0{,}75^6$=0,178;
$P(X = 1) = P_6(1) = C_6^1 0{,}25^1 0{,}75^5$=0,356; $P(X = 2) = P_6(2) = C_6^2 0{,}25^2 0{,}75^4$=0,297;
$P(X = 3) = P_6(3) = C_6^3 0{,}25^3 0{,}75^3$=0,132; $P(X = 4) = P_6(4) = C_6^4 0{,}25^4 0{,}75^2$=0,033;
$P(X = 5) = P_6(5) = C_6^5 0{,}25^5 0{,}75^1$=0,004; $P(X = 6) = P_6(6) = C_6^6 0{,}25^6 0{,}75^0$=0,0002.

Ізделінді үлестірім заңы:

X	0	1	2	3	4	5	6
p	0,178	0,356	0,297	0,132	0,033	0,004	0,0002

Биномдық үлестірімнің сандық сипаттамаларын дискретті кездейсоқ шамалар үшін белгілі формулалар бойынша анықтаймыз:
$M(X) = \sum_i x_i p_i$, $D(X) = \sum_i (x_i - M(X))^2 \cdot p_i$ және $D(X) = \sum_i x_i^2 p_i - (\sum_i x_i p_i)^2$.
Алайда, X – оқиғаның *n* сынақта пайда боллғанда математикалық үміт пен дисперсияның қасиеттерін қолданған қолайлы: $M(X) = np$, $D(X) = npq$. Сонымен, біздің жағыдайда $M(X) = 6 \cdot 0{,}25 = 1{,}5$, $D(X) = 6 \cdot 0{,}25 \cdot 0{,}75 = 1{,}125$.
$\sigma(x) = \sqrt{D(X)} \approx 1{,}06$.

Mathcad –та жүргізіген есертеулердің көшірме файлы:

$C(Q,R) := \mathrm{combin}(Q,R)$

$C(6,0)\cdot 0.25^0 \cdot 0.75^6 = 0.178$

$C(6,1)\cdot 0.25^1 \cdot 0.75^5 = 0.356$

$C(6,4)\cdot 0.25^4 \cdot 0.75^2 = 0.033$

$C(6,2)\cdot 0.25^2 \cdot 0.75^4 = 0.297$

$C(6,3)\cdot 0.25^3 \cdot 0.75^3 = 0.132$

$C(6,5)\cdot 0.25^5 \cdot 0.75^1 = 4.395 \times 10^{-3}$

$C(6,6)\cdot 0.25^6 \cdot 0.75^0 = 2.441 \times 10^{-4}$.

Бином үлестірімі үшін талдауды арнайы функцияларды қолданып Mathcad жүйесінде жүргізуге болады, ол функциялардың түпкі сөзі binom (dbinom, pbinom, qbinom, rbinom). Мысалы, dbinom(k,n,p) функциясы ықтималдықтар мәнін шығарады т.с.с.

b) N=1000, p=0,001, дискретті кездейсоқ шама X – істен шыққан элементтер саны Пуассон заңымен үлестірілген (биномдық үлестірзаңы заңы үшін шектік, әрбір сынақта оқиғаның пайда болу ықтималдығы p аз, ал сынақ саны n үлкен):

$$P(X=k)=P_n(k)\approx\frac{\lambda^k}{k!}e^{-\lambda},$$

мұндағы $\lambda=np=1000\cdot0{,}001=1,\ k=0,1,2,\ldots,1000,\ n=1000$.

Сонымен,

$$P(X=0)=P_{1000}(0)\approx\frac{1^0}{0!}e^{-1}=0{,}368;$$

$$P(X=1)=P_{1000}(1)\approx\frac{1^1}{1!}e^{-1}=0{,}368;\quad P(X=2)=P_{1000}(2)\approx\frac{1^2}{2!}e^{-1}=0{,}184;$$

$P(X=3)=P_{1000}(3)\approx\dfrac{1^3}{3!}e^{-1}0{,}061$, и т.д. $P(X=10)=P_{1000}(10)\approx\dfrac{1^{10}}{10!}e^{-1}=0{,}0000001$

және т.с.с.

Іздеп отырған үлестірім заңы:

X	0	1	2	3	…	10	…
p	0,368	0,368	0,184	0,061	…	0,0000001	…

Екіден кем емес элементтердің істен шығу ықтималдығы келесі формуламен есептелінеді:

$P(X\ge2)=\sum_{k=2}^{1000}P_{1000}(k)$ или $P(X\ge2)=1-P(X=0)-P(X=1)$ = 1 - 0,368 - 0,368 = 0,264.

Mathcad –та жүргізіген есертеулердің көшірме файлы:

$$p(k,\lambda):=\mathrm{dpois}(k,\lambda)$$

$p(0,1)=0.368$ $\quad$ $p(4,1)=0.015$

$p(1,1)=0.368$ $\quad$ $p(5,1)=3.066\times10^{-3}$

$p(2,1)=0.184$ $\quad$ $p(10,1)=1.014\times10^{-7}$

$p(3,1)=0.061$ $\quad$ $p(1000,1)=0$.

Пуассон үлестірімі Mathcad жүйесінде арнайы функцияларға сәйкес келеді, ол функциялардың түпкі сөзі pois (dpois, ppois, qpois, rpois). Мысалы, dpois(k,n,p) функциясы ықтималдықтар мәнін шығарады т.с.с.

9. Бірқалыпты үлестірім.

a варианты.

Өлшеу құралының бөлу бағасы 0,2-ге тең. Өлшеу құралының көрсеткіші ең жақын бүтін бөлінуіне дейін жуықталады. X кездейсоқ шамасы – жуықтауда жіберілген қателігі.

b варианты.

Қандай да бір маршруттың автобустары тек кесте бойынша жүреді. Автобустың жүру интервалы 5 минут. X кездейсоқ шамасы – аялдамада автобусты күту уақыты.

Табу керек:

а) үлестірім тығыздығын $f(x)$;

б) үлестірім функциясын $F(x)$;

в) математикалық үмітін, дисперсиясын;

г) есептеу кезінде 0,04 -тен кіші (артық) қате кету ықтималдығын (*a* варианты үшін);

д) аялдамаға келген жолаушы трамвайды 3 минуттен кем (артық) күту ықтималдығын (*b* варианты үшін).

$F(x)$ және $f(x)$ графиктерін салу керек.

Шешуі:

a) X кездейсоқ шамасы – жуықтауда жіберілген қателігі екі бүтін бөлімдер арасында бірқалыпты үлестірілген; $b-a=0{,}2$ – X –тің мүмкін мәндері енетін интервал ұзындығы.

Бірқалыпты үлестірім үшін қолданылатын формулалар:

- бірқалыпты үлестірімнің тығыздығы:

$$f(x)=\begin{cases}\dfrac{1}{b-a},\ егер\ x\in(a,b)\\ 0,\ \ егер\ x\notin(a,b)\end{cases};$$

- үлестірім функциясы:

$$F(x)=\begin{cases}0,\ \ егер\ \ x\le a\\ \dfrac{x-a}{b-a},\ егер\ a<x\le b\\ 1,\ \ егер\ \ x>b\end{cases};$$

- математикалық үміті:

$$M(X)=\frac{a+b}{2};$$

- дисперсиясы:

$$D(X)=\frac{(b-a)^2}{12};$$

- (α,β) аралығына түсу ықтималдығы:

$$P(\alpha < X < \beta) = \frac{\beta - \alpha}{b - a}.$$

Сондықтан біздің есеп үшін:

а) $f(x) = \begin{cases} \dfrac{1}{0,2} = 5, \ \textit{егер} \ x \in (0;0,2) \\ 0, \quad \textit{егер} \ x \notin (0;0,2) \end{cases};$

б) $F(x) = \begin{cases} 0, \quad \textit{егер} \ \ x \le 0 \\ \dfrac{x}{0,2} = 5x, \ \textit{егер} \ \ 0 < x \le 0,2 \\ 1, \ \textit{егер} \ \ x > 0,2 \end{cases};$

в) $M(X) = \dfrac{0,2 + 0}{2} = 0,1;$

$D(X) = \dfrac{(0,2 - 0)^2}{12} = 0,003;$

г) есептеу кезінде 0,04 -тен кіші қате кетуі мүмкін екені белгілі, егер ол (0; 0,04) интервалына немесе (0,16; 0,2) интервалына түссе (*A* оқиғасы), яғни оқиға ықтималдығы:

$$P(A) = P(0 < X < 0,04) + P(0,16 < X < 0,2) =$$
$$= \frac{0,04 - 0}{0,2} + \frac{0,2 - 0,16}{0,2} = 0,4;$$

есептеу кезінде 0,04 -тен артық қате кетуі мүмкін, егер ол (0,04; 0,16) интервалына түссе (*B* оқиғасы), яғни оқиға ықтималдығы:

$$P(B) = P(0,04 < X < 0,16) = \frac{0,16 - 0,04}{0,2} = 0,6 \text{ немесе } P(B) = 1 - P(A).$$

Mathcad жүйесінде *F*(*x*) және *f*(*x*) графиктерін саламыз.

$f(x) := \begin{array}{|l} 0 \ \text{ if } \ x \le 0 \\ 5 \ \text{ if } \ 0 < x \le 0.2 \\ 0 \ \text{ if } \ x > 0.2 \end{array}$ $\qquad$ $F(x) := \begin{array}{|l} 0 \ \text{ if } \ x \le 0 \\ (5 \cdot x) \ \text{ if } \ 0 < x \le 0.2 \\ 1 \ \text{ if } \ x > 0.2 \end{array}$





b) X кездейсоқ шамасы – автобусты күту уақыты, автобустың алдамаға тізбектей екі рет келуінің арасында бірқалыпты жүргізілген; $b-a=5$ – X – тің мүмкін мәндер енетін интервалдың ұзындығы.

Бірқалыпты үлестірімнің негізгі формулалары жоғарыда келтірілді.

Біздің вариант үшін:

а) $f(x)=\begin{cases} \dfrac{1}{5}=0{,}2, \; егер \; x\in(0;5) \\ 0, \; егер \; x\notin(0;5) \end{cases}$;

б) $F(x)=\begin{cases} 0, \; егер \; x\le 0 \\ \dfrac{x}{5}=0{,}2x, \; егер \; 0<x\le 5 \\ 1, \; егер \; x>5 \end{cases}$;

в) $M(X)=\dfrac{5+0}{2}=2{,}5$;

$D(X)=\dfrac{(5-0)^2}{12}=2{,}08$;

г) жолаушы автобусты 3 минуттен кем күтетіндігі белгілі, егер ол аялдамаға (0; 3) немесе (2; 5) уақыт аралығында келсе (A оқиғасы), онда ол автобусты, яғни бұл оқиғаның ықтималдығы $P(A)=P(0<X<3)=\dfrac{3-0}{5}$=0,6; егер жолаушы аялдамаға (0; 2) немесе (3; 5) уақыт аралығында келсе (B оқиғасы), онда ол автобусты 3 минуттен артық күтетіндігі белгілі, яғни бұл оқиғаның ықтималдығы:

$$P(B)=P(3<X<5)==\frac{5-3}{5}=0{,}4 \text{ немесе } P(B)=1-P(A).$$

Mathcad жүйесінде $F(x)$ және $f(x)$ графиктерін саламыз.

$$f(x) := \begin{vmatrix} 0 \text{ if } x\le 0 \\ 0.2 \text{ if } 0<x\le 5 \\ 0 \text{ if } x>5 \end{vmatrix} \qquad F(x) := \begin{vmatrix} 0 \text{ if } x\le 0 \\ (0.2\cdot x) \text{ if } 0<x\le 5 \\ 1 \text{ if } x>5 \end{vmatrix}$$





Mathcad жүйесінде бірқалыпты үлестірімге арнайы функциялар сәйкес келеді, олардың түпкі сөздері unif: dunif(x,a,b)– үлестірім тығыздығының мәндерін шығарады; түпкі сөздері punif(x,a,b) – үлестірім функциясының мәндерін шығарады; runif(n,a,b) – (a,b) аралығында бірқалыпты үлестірілген n тәуелсіз кездейсоқ сандардың массивін шығарады.

10. Көрсеткіштік үлестірім. T кездейсоқ шамасы - элементтің үздіксіз жұмыс жасау уақыты, λ=0,5 - істен шығу жиілігі, яғни бірлік уақыт аралығында элементтің істен шығуының орта саны. Табу керек:

а) $f(t)$ үлестірім тығыздығын;

б) $F(t)$ үлестірім функциясын, оның ықтималдық мағынасын көрсету керек;

в) сенімділік функциясын $R(t)$, оның ықтималдық мағынасын көрсету керек;

г) математикалық үмітін, дисперсиясын;

д) t =5 сағат уақыт аралығында элементтің істен шығуы ықтималдығын (A оқиғасы) және t =5 сағат уақыт аралығында элементтің істен шықпау ықтималдығын (B оқиғасы).

$F(t)$, $R(t)$ және $f(t)$ графиктерін салу керек.

Шешуі: X үзіліссіз кездейсоқ шамасы $f(x)=\begin{cases} 0, \textit{егер } x<0 \\ \lambda e^{-\lambda x}, \ \textit{егер } x \ge 0 \end{cases}$ тығыздығымен берілсе, онда ол көрсеткіштік үлестірім заңына бағынады.

Көрсеткіштік үлестірімнің басқа ұғымдары мен формулалары: $F(x)=\begin{cases} 0, \textit{егер } x<0 \\ 1-e^{-\lambda x}, \ \textit{егер } x \ge 0 \end{cases}$ - үлестірім функциясы; егер кездейсоқ шама X=T – уақыты болса, онда $F(t)=P(T<t)=1-e^{-\lambda t}$ - радиолокатордың нысананы табу уақыты; $R(t)=P(T>t)=e^{-\lambda t}$– сенімділік функциясы, t уақытындағы нысананы табу ықтималдығы;

$$M(X)=\frac{1}{\lambda},\ D(X)=\frac{1}{\lambda^2},\ \sigma(X)=\frac{1}{\lambda};\ \ P(\alpha<X<\beta)=e^{-\lambda\alpha}-e^{-\lambda\beta}.$$

Біздің есепте $t \ge 0$ болатындығын ескерсек:

а) $f(t)=0{,}5e^{-0{,}5t}$;

б) $F(t)=P(T<t)=1-e^{-0{,}5t}$, t уақыты аралығындағы элементтің істен шығу ықтималдығын анықтайды;

в) $R(t)=e^{-0{,}5t}$, t уақыты аралығындағы элементтің мүлтіксіз жұмыс істеу ықтималдығын анықтайды;

г) $M(X)=\dfrac{1}{0{,}5}=2$; $D(X)=\dfrac{1}{0{,}5^2}=4$;

д) үлестірім функциясы t уақытындағы істен шығу ықтималдығын анықтайтын болғандықтан, оған t=5 мәнін қойып, t=5 сағат уақыты ішіндегі істен шығу ықтималдығын аламыз: $F(5)=1-e^{-0{,}5\cdot 5}=1-e^{-2{,}5}$=0,918; «істен шығу» және «істен шықпау» оқиғалары – қарама-қарсы, сондықтан t=5 уақытындағы істен шықпау немесе мүлтіксіз жұмыс істеу ықтималдығы 1-0,918=0,082. Бұл нәтижені сенімділік функциясын тікелей қолданып алуға болады: $R(5) = e^{-0,5\cdot 5} = e^{-2,5}$ =0,082.

Mathcad жүйесінде $F(t)$, $R(t)$ және $f(t)$ графиктерін салып, кейбір есептеулер жүргіземіз:

$$f(t) := \begin{vmatrix} 0 \ \text{ if } \ t < 0 \\ 0.5\cdot e^{-0.5\cdot t} \ \text{ if } \ t \geq 0 \end{vmatrix} \qquad F(t) := \begin{vmatrix} 0 \ \text{ if } \ t < 0 \\ 1 - e^{-0.5\cdot t} \ \text{ if } \ t \geq 0 \end{vmatrix}$$





$$R(t) := \begin{vmatrix} 0 \ \text{ if } \ t < 0 \\ e^{-0.5\cdot t} \ \text{ if } \ t \geq 0 \end{vmatrix}$$



$$e^{-2.5} = 0.082$$
$$1 - e^{-2.5} = 0.918$$

Көрсеткіштік үлестіріміне Mathcad жүйесінде арнайы функцияларды қолданып жүргізуге болады, ол функциялардың түпкі сөздері exp: dexp(x, λ) – үлестірім тығыздығының мәндерін шығарады; түпкі сөздері pexp(x, λ) – үлестірім функциясының мәндерін шығарады; rexp(n, λ) – λ параметрлі көрсеткішті үлестірілген n тәуелсіз кездейсоқ сандардың массивін шығарады.

11. Қалыпты үлестірім заңы. Қандай да бір затты өлшеу жүргізілуде. Өлшеудің кездейсоқ қателері (X кездейсоқ шамасы) a=10 және σ=2 параметрлі қалыпты үлестірім заңына бағынады. Табу керек:

а) $f(x)$ үлестірім тығыздығын;

б) $F(x)$ үлестірім функциясын;

в) математикалық үмітін, дисперсиясын;

г) $(12;14)$ аралығына түсу ықтималдығын;

д) өлшеу абсолют шамасы бойынша δ=3-тен аспайтындай қате жіберу ықтималдығын.

$F(t)$ және $f(t)$ графиктерін салу керек.

Шешуі: X үзіліссіз кездейсоқ шамасы $f(x)=\dfrac{1}{\sigma\sqrt{2\pi}}e^{-\frac{(x-a)^2}{2\sigma^2}}$ тығыздығымен берілсе, онда ол қалыпты үлестірім заңына бағынады, мұндағы $a=M(X)$ – математикалық үміт, $\sigma=\sigma(X)-$ орта квадраттық ауытқу.

Қалыпты үлестірімнің басқа ұғымдары мен формулалары:

$F(x)=\int\limits_{-\infty}^{x} f(t)dt=\dfrac{1}{\sigma\sqrt{2\pi}}\int\limits_{-\infty}^{x}\exp\left[\dfrac{-(t-a)^2}{2\sigma^2}\right]dt$ немесе $F(x)=\Phi\left(\dfrac{x-a}{\sigma}\right)+0{,}5$ -

– Лаплас функциясы, оның мәнін кестеден немесе Mathcad жүйесінде табуға болады.

$$P(\alpha<X<\beta)=F(\beta)-F(\alpha)=\Phi\left(\frac{\beta-a}{\sigma}\right)-\Phi\left(\frac{\alpha-a}{\sigma}\right)$$

– $(\alpha;\beta)$ интервалына түсу ықтималдығы.

Кездейсоқ шаманың өзінің математикалық үмітінен δ -дан артық емес ауытқуының ықтималдығы мына формуламен есептелінеді:

$$P(|X-a|\le\delta)=2\Phi\left(\frac{\delta}{\sigma}\right).$$

Біздің есеп үшін:

а) $f(x)=\dfrac{1}{2\sqrt{2\pi}}e^{-\frac{(x-10)^2}{8}}$;

б) $F(x)=\Phi\left(\dfrac{x-10}{2}\right)+0{,}5$;

в) $M(X)=a=10,\ \sigma(X)=\sigma=2,\ D(X)=\sigma^2=4$;

г) $P(12<X<14)=\Phi\left(\dfrac{14-10}{2}\right)-\Phi\left(\dfrac{12-10}{2}\right)=\Phi(2)-\Phi(1)$=0,4772-0,3413= =0,1359;

д) өлшеу абсолют шамасы бойынша δ =3-тен аспайтындай қате жіберу ықтималдығын $P(|X-10|\le 3)=2\Phi\left(\dfrac{3}{2}\right)=2\Phi(1{,}5)$ =0,4332.

Бұл жерде Лаплас функциясының мәні кестеден алынған, оны Mathcad жүйесінде де табуға болады.

Қалыпты үлестіріміне Mathcad жүйесінде арнайы функцияларды қолданып жүргізуге болады, ол функциялардың түпкі сөздері norm және d, p, q, r. әрәптерінен басталатын сөздер. Мысалы, dnorm (x,a, σ) – үлестірім тығыздығының мәндерін шығарады; түпкі сөздері pnorm (x,a,σ) – үлестірім функциясының мәндерін шығарады. Осы функцияларды сәйкес графиктерді салу үшін қолданамыз. Төменде Mathcad-та есептеулермен файлдың көшірмелері келтірілген.

$f(x):=\mathrm{dnorm}(x,10,2)$ $\qquad$ $F(x):=\mathrm{pnorm}(x,10,2)$


f(x)
F(x)
2
1
−1
0
10
20
x

Әдебиеттер тізімі

1 Жаңбырбаев Б.С. Ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика элементтері. -Алматы. 2006 – 184 бет.

2 Қазешев А. Ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика. – Алматы, 2011.

3 Мұстахишев К.М., Ералиев С.Е., Атабай Б.Ж. Математика (толық курс). - Алматы, 2009. - 358 бет.

4 Қазешев А. Ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика бойынша есептер жинағы. – Алматы, 2005.

5 Астраханцева Л.Н., Байсалова М.Ж. Ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика. 5В070400 – Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету, 5В070300 – Ақпараттар жүйесі мамандықтарының студенттері үшін дәрістер жинағы. - Алматы: АЭжБУ, 2013. - 49 б.

Мазмұны

2019 ж. жиынтық жоспары, реті 151

Астраханцева Людмила Николаевна
Байсалова Мәншүк Жұмамұратқызы

МАТЕМАТИКА 3

5В070300 - Ақпараттық жүйелер мамандығы бойынша оқитын студенттер үшін есептеу-сызба жұмыстарды орындауға арналған әдістемелік нұсқаулықтар мен тапсырмалар
2 бөлім

Редактор Ж.Изтелеуова
Стандарттау бойынша маман Г.И.Мухаметсариева

Басуға_________ қол қойылды
Пішімі 60х84 1/16
Таралымы 25 дана
Баспаханалық қағаз №1
Көлемі 2,1 баспа табақ
Тапсырыс Бағасы 1100 тг.

«Алматы энергетика және байланыс университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамының
көшірме-көбейткіш бюросы
050013, Алматы, Байтұрсынұлы көшесі, 126/1